

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ЖАСТАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

¹А. Джанабаева, ¹Ш. Адилбаева, ²Т. Аманқұл

АНДАТПА

Мақалада Түркістан өңіріндегі жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары мен құндылықтық ұстанымдарының қалыптасу ерекшеліктері тарихи, әлеуметтік және ақпараттық факторлармен байланыста қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдарындағы діни ахуалды салыстыра отырып, өңір жастарының діни санасына ықпал ететін негізгі әлеуметтік-мәдени тетіктерді анықтау. Зерттеудің дереккөздік негізін Түркістан облысының мемлекеттік архиві материалдары, мерзімді баспасөз деректері, діни бірлестіктер мен жастар саясатына қатысты құжаттар, сондай-ақ колледж студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері құрады.

Зерттеу барысында архивтік талдау, контент-талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс, құрылымдық-функционалдық және аксиологиялық талдау тәсілдері қолданылды. Архивтік деректер кеңестік кезеңде діни орындар мен діни тәжірибелер әкімшілік-идеологиялық бақылау нысаны болғанын көрсетеді. Тәуелсіздік жылдарында діни сенім бостандығының құқықтық негізде бекітілуі, мешіттер санының артуы, киелі орындарға қызығушылықтың күшеюі және цифрлық ақпарат кеңістігінің кеңеюі жастардың діни көзқарастарына жаңа сипат берді.

Зерттеу нәтижелері жастардың діни ұстанымдары отбасы тәрбиесі, білім беру ортасы, жергілікті тарихи-мәдени жады, діни институттар және әлеуметтік желілер ықпалымен қалыптасатынын көрсетті. Сонымен қатар діни ақпаратты фрагментарлы қабылдау, діни сауаттылық деңгейінің әркімділігі және деструктивті діни ағымдарға қарсы сыни көзқарасты қалыптастыру қажеттілігі айқындалды. Алынған нәтижелер жастардың діни сауаттылығын жүйелі арттыру, сенімді ақпарат көздерін пайдалану мәдениетін қалыптастыру және дәстүрлі рухани құндылықтарды білім беру кеңістігімен ұштастыру қажеттігін негіздейді.

Түйін сөздер: Түркістан өңірі, жастар, жасөспірімдер, діни көзқарас, құндылықтық ұстаным, діни сауаттылық, архивтік деректер, цифрлық орта.

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

² Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:

А. Джанабаева,
arayka_9200@mail.ru

Сілтеме:

Джанабаева А., Адилбаева Ш., Аманқұл Т. Түркістан өлкесіндегі жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары мен құндылықтық ұстанымдары // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №2 (108). – б. 313-327.
– DOI: 10.48010/gmxjdk31

Ашық қолжетімділік

© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>

Редакцияға түсті: 30/01/2026
Қабылданды: 19/04/2026
Онлайн жарияланды: 30/06/2026

Религиозные взгляды и ценностные установки молодежи и подростков в Туркестанском регионе

Аннотация. В статье анализируются религиозные взгляды и ценностные установки молодежи и подростков Туркестанского региона в контексте исторических, социальных и информационных трансформаций. Цель исследования заключается в выявлении факторов, влияющих на формирование религиозного сознания подростков и молодежи, а также в определении особенностей их отношения к традиционным духовным ценностям. Источниковую базу исследования составили архивные документы Туркестанской области, материалы периодической печати и результаты эмпирического опроса подростков. В работе применены архивный анализ, контент-анализ, сравнительно-исторический метод, опрос, структурно-функциональный и аксиологический подходы. Архивные материалы позволили сопоставить особенности религиозной политики советского периода с изменениями, произошедшими в годы независимости. Результаты исследования показывают, что религиозное мировоззрение молодежи формируется под влиянием семьи, образовательной среды, религиозных институтов, локальной историко-культурной памяти и цифрового медиапространства. Установлено, что интерес подростков к религии сохраняется, однако уровень религиозной грамотности остается неоднородным и во многом зависит от источников получения информации. Особое значение приобретает влияние социальных сетей, где религиозный контент нередко воспринимается фрагментарно и без достаточной критической оценки.

Полученные выводы обосновывают необходимость системного повышения религиозной грамотности молодежи, развития критического восприятия цифровой религиозной информации и укрепления традиционных духовно-нравственных ориентиров.

Ключевые слова: Туркестанский регион, молодежь, подростки, религиозные взгляды, ценностные установки, религиозная грамотность, архивные документы, цифровая среда.

Religious Views and Value Orientations of Youth and Adolescents in Turkestan Region

Abstract. This study examines the religious views and value orientations of youth and adolescents in Turkestan Region in the context of historical, social, and transformations in the information environment. The purpose of the research is to identify the key factors influencing the formation of religious consciousness among adolescents and young people, as well as to determine their attitudes toward traditional spiritual values.

The study draws on archival documents from Turkestan Region, materials from periodical publications, and the results of an empirical survey conducted among adolescents. The research employs archival analysis, content analysis, the comparative-historical method, analysis of survey data, structural-functional analysis, and an axiological approach. Archival materials enabled a comparison between religious policy during the Soviet period and the changes that occurred after Kazakhstan gained independence.

The findings indicate that the religious worldview of young people is shaped by family upbringing, the educational environment, religious institutions, local historical and cultural memory, and the digital media space. The study shows that adolescents retain an interest in religion; however, their level of religious literacy remains uneven and largely depends on the sources from which they obtain religious information. Particular attention is paid to the role of social networks, where religious content is often perceived in a fragmented manner and without sufficient critical assessment.

The results highlight the need to systematically improve religious literacy among young people, develop critical skills for evaluating digital religious information, and strengthen traditional spiritual and moral orientations.

Keywords: Turkestan Region, Youth, Adolescents, Religious Views, Value Orientations, Religious Literacy, Archival Documents, Digital Environment.

Кіріспе

Түркістан өңіріндегі жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары мен құндылықтық ұстанымдарын зерттеу Қазақстан қоғамындағы діни сана, рухани сабақтастық және жастар әлеуметтенуі мәселелерімен тығыз байланысты. Тәуелсіздік жылдарынан кейін елде діни сенім бостандығы құқықтық тұрғыдан бекітіліп, кеңестік кезеңде шектелген діни институттардың қоғамдық кеңістіктегі қызметі қайта жанданды. Дін ұстану, діни бірлестіктер құру, діни білім алу және діни-мәдени мұраны жаңғырту үдерістері көпэтносты әрі көпконфессиялы Қазақстан қоғамында жаңа әлеуметтік мазмұнға ие болды. Мұндай өзгерістер жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары мен құндылықтық бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдауды қажет етеді.

Түркістан өңірі тарихи-мәдени және діни мұраға бай аймақ ретінде ерекшеленеді. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы, киелі орындар жүйесі, мешіттер желісі, жергілікті діни дәстүрлер мен отбасылық тәрбие жас буынның рухани бағдарын қалыптастыратын маңызды факторлар қатарына жатады. Сондықтан өңірдегі жастар мен жасөспірімдердің дінге қатынасын жалпы республикалық діни үдерістің бір бөлігі ретінде ғана емес, жергілікті тарихи жады мен мәдени орта ықпалындағы әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру маңызды.

Қазақстан қоғамындағы діни қатынастардың өзгеруін сипаттайтын зерттеулер азаматтардың едәуір бөлігі өзін белгілі бір діни сеніммен байланыстыратынын көрсетеді. С. Оқанның деректеріне сүйенсек, республика

азаматтарының шамамен 80 пайызы өзін дінге сенушілер қатарына жатқызады, ал 19–20 пайызы атеистік немесе агностикалық ұстанымды көрсетеді. Дінге сенушілердің ішінде өзін діндар деп санайтындар 14 пайыз шамасында болса, басым бөлігі орташа сенушілер тобына кіреді [1, 202 б.]. Аталған мәліметтер діннің қоғамдық санадағы орны сақталғанымен, діни ұстанымдардың деңгейі мен мазмұны әркелкі екенін аңғартады.

Ислам діні қазақ қоғамында ұзақ тарихи кезең бойы жергілікті әдет-ғұрыппен, моральдық нормалармен және рухани дәстүрлермен өзара байланыста дамыды. Түркістан өңірінде аталған байланыс айрықша айқын көрінеді, себебі аймақтың діни-мәдени кеңістігі тарихи кесенелермен, зиярат мәдениетімен, отбасылық діни тәжірибемен және дәстүрлі рухани құндылықтармен сабақтас қалыптасқан. Жастар мен жасөспірімдердің дінге қызығушылығы осы мәдени орта арқылы күшейгенімен, діни қызығушылықтың артуы діни білімнің жүйелі және терең қалыптасқанын толық дәлелдемейді.

Жасөспірімдік кезеңде тұлғаның дүниетанымы, әлеуметтік бағдары, моральдық ұстанымы және құндылықтық таңдауы белсенді қалыптасады. Дінге қатысты түсініктер аталған кезеңде көбіне отбасы, білім беру ортасы, құрдастар тобы, діни институттар, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілер арқылы орнығады. Әсіресе цифрлық орта діни ақпаратты қабылдаудың маңызды арнасына айналды. Әлеуметтік желілер мен бейресми интернет-ресурстарда таралатын діни мазмұн әрдайым жүйелі, ғылыми және теологиялық тұрғыдан негізделе бермейді. Мұндай жағдай

жасөспірімдердің діни ұғымдарды фрагментарлы қабылдауына, сенімді және сенімсіз ақпаратты ажыратуда қиындық көруіне ықпал етуі мүмкін.

Тақырыптың ғылыми өзектілігі Түркістан өңіріндегі жастардың діни көзқарастарын архивтік деректер, баспасөз материалдары және эмпирикалық сауалнама нәтижелері негізінде кешенді қарастыру қажеттігінен туындайды. Кеңестік кезеңдегі діни саясат пен тәуелсіздік жылдарындағы діни еркіндік арасындағы айырмашылық өңірлік діни сананың тарихи өзгеру динамикасын талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазіргі жастардың діни құндылықтарға қатынасы тарихи мұрамен ғана емес, әлеуметтік жағдаймен, білім беру жүйесімен және цифрлық ақпараттық кеңістікпен де байланысты.

Қазақстандағы діндарлықтың посткеңестік кезеңдегі өзгеруін талдаған қазіргі зерттеулер діни сананың тек ғибадат тәжірибесімен шектелмей, мәдени жады, дәстүрлі құндылықтар және әлеуметтік бейімделу тетіктерімен байланыста қалыптасатынын көрсетеді. А.З. Забиров, Н.С. Сейтахметова, С.З. Жандосова және М.Н. Нұров Қазақстан қоғамында діннің әлеуметтік қызметі өзгеріп, ислам көп жағдайда күнделікті діни практикадан гөрі мәдени-дәстүрлі құндылық ретінде қабылданатынын атап өтеді [24]. Н. Сейтахметова мен С. Жандосова цифрландыру жағдайында діни бірегейліктің қалыптасуы жаңа сипатқа ие болғанын, әлеуметтік желілер, онлайн қауымдастықтар және қолданушы тарапынан жасалатын діни контент дәстүрлі діни бедел құрылымдарына қосымша ықпал ететін ақпараттық ортаға айналғанын көрсетеді [25]. Түркістан өңіріндегі жастардың діни көзқарастарын тарихи-мәдени орта, отбасылық тәрбие және цифрлық ақпарат кеңістігімен байланыстыра талдауға теориялық негіз береді.

Мақалада Түркістан өңіріндегі жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары жеке сенім формасы ретінде ғана емес, тарихи жады, отбасылық тәрбие, діни институттар, білім беру ортасы, әлеуметтік жағдай және ақпараттық кеңістікпен байланысқан күрделі әлеуметтік-мәдени үдеріс ретінде қарастырылады. Зерттеудің негізгі бағыты өңір жастарының діни санасының қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтауға және олардың құндылықтық бағдарлар жүйесіндегі орнын ғылыми тұрғыдан сипаттауға негізделеді.

Зерттеудің мақсаты – Түркістан өңіріндегі жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары мен құндылықтық

бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін архивтік, тарихи-салыстырмалы және эмпирикалық деректер негізінде анықтау. Осы мақсатқа сәйкес зерттеуде кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдарындағы діни ахуал салыстырылып, жасөспірімдердің діни сауаттылық деңгейі, діни ақпарат алу көздері және дәстүрлі рухани құндылықтарға қатынасы талданады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу Түркістан облысындағы колледж студенттерінің діни көзқарастары мен құндылықтық ұстанымдарының қалыптасу ерекшеліктерін талдауға бағытталды. Діни көзқарас отбасылық тәрбие, білім беру ортасы, тарихи-мәдени жады, діни институттар, мерзімді баспасөз және цифрлық ақпарат кеңістігі ықпалымен қалыптасатын әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылды.

Зерттеудің дереккөздік негізін Түркістан облысының мемлекеттік архивінде сақталған қоғамдық-саяси ахуал, діни бірлестіктер қызметі, жастар саясаты, өңірлік діни жағдай және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге қатысты құжаттар құрады. Архивтік материалдар кеңестік кезеңдегі діни саясаты, тәуелсіздік жылдарындағы өңірлік діни ахуалдың өзгеруін және жастардың діни құндылықтарға қатынасын салыстырмалы тұрғыдан талдауға мүмкіндік берді. Қосымша дерек ретінде мерзімді баспасөз материалдары пайдаланылды.

Эмпирикалық материал Түркістан облысындағы колледж студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерінен алынды. Зерттеуге жалпы саны 300 респондент қатысты. Респонденттер құрамын 15–19 жас аралығындағы колледж студенттері құрады. Сауалнама діни сауаттылық деңгейін, діни ақпарат алу көздерін, дәстүрлі діни құндылықтарға қатынасты және деструктивті діни ағымдарға қатысты ұстанымды анықтауға бағытталды. Сауалнама жабық және жартылай жабық сұрақтардан тұрды. Нәтижелер әр сұрақ бойынша жеке өңделіп, жауаптардың пайыздық үлесі сипаттамалық статистика тәсілімен есептелді. Жекелеген сұрақтарда жауап санының айырмашылығы респонденттердің кей сұрақтарға жауап бермеуімен немесе бірнеше жауап нұсқасын белгілеуімен байланысты түсіндірілді.

Зерттеу барысында архивтік талдау, контент-талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс, сауалнама, құрылымдық-функционалдық және аксиологиялық талдау қолданылды. Архивтік

талдау тарихи құжаттарды жүйелеуге, контент-талдау мерзімді баспасөздегі діни тақырыптардың мазмұнын анықтауға, салыстырмалы-тарихи әдіс кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдарындағы діни ахуал айырмашылықтарын саралауға негіз болды.

Сауалнама әдісі колледж студенттерінің діни білім деңгейін, ақпараттық бағдарын және құндылықтық ұстанымдарын эмпирикалық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік берді. Құрылымдық-функционалдық әдіс отбасы, колледж, діни институттар және цифрлық ортаның жастардың діни көзқарасына ықпалын талдауға қолданылды. Аксиологиялық талдау діни көзқарастарды рухани құндылықтар, моральдық бағдарлар және әлеуметтік жауапкершілік жүйесімен байланыста қарастыруға негіз болды. Эмпирикалық деректер сипаттамалық статистика тәсілдері арқылы өңделіп, негізгі нәтижелер пайыздық көрсеткіштермен берілді.

Негізгі бөлім

Жастық және жасөспірімдік кезеңде діндарлықтың, діни көзқарастың және құндылықтық бағдарлардың қалыптасуына отбасы ортасы елеулі ықпал етеді. Ата-ананың діни ұстанымы, отбасындағы рухани тәрбие, күнделікті қарым-қатынас мәдениеті жасөспірімнің дінге қатынасын бастапқы деңгейде айқындайды. Діни танымның тереңдігі немесе үстірт қалыптасуы әлеуметтік ортаға, психологиялық ерекшеліктерге, құрдастар ықпалына және діни ақпарат көздерінің мазмұнына тәуелді. Дінге қызығушылық танытқан жасөспірімнің құндылықтық таңдауы отбасы мүшелерінің бағытымен, жақын араласатын әлеуметтік тобымен және беделді діни тұлғалардың ұстанымымен байланысты қалыптасады.

Жасөспірімнің діни дүниетанымын қалыптастыратын бастапқы әлеуметтік кеңістік ретінде отбасы институтының орны айрықша. Э.Эриксонның тұжырымдауынша, отбасындағы үйлесімді қарым-қатынас, ата-аналық қолдау және сенімге негізделген тәрбие жас тұлғаның дүниетанымдық тұрақтылығына ықпал етеді [2, 19 б.]. Отбасында қалыптасқан сенім мәдениеті жасөспірімнің діни қабылдауына, моральдық бағдарларына және рухани құндылықтарды түсінуіне әсер етеді. Ұлттық құндылықтарға құрмет, дәстүрге адалдық, тіл мен мәдени мұраны сақтау жас буынның ұлттық болмысын нығайтып, діни ұстанымының әлеуметтік жауапкершілікпен ұштасуына негіз болады.

Жасөспірімдік кезең эмоционалдық тұрақсыздықпен, өзіндік таңдау жасауға ұмтылыспен және әлеуметтік ортаға жоғары сезімталдықпен сипатталады. Зерттеушілердің бір бөлігі ата-ананың діни ұстанымы баланың діни таңдауын толық анықтайды деген пікірді шектейді. Олардың пайымдауынша, жасөспірім ата-анасының көзқарасын қабылдағанымен, жеке тәжірибесі, әлеуметтік байланыстары және ақпараттық ортасы арқылы дербес дүниетаным қалыптастыруға бейім болады. Ата-аналар кей жағдайда баланың ішкі сұранысын, діни қызығушылығын және қарым-қатынас қажеттілігін толық түсіне бермейді [3, 20 б.].

Жасөспірімдер діни мәліметті ең алдымен отбасы мүшелерінен, білім беру ұйымдарындағы педагогтерден, күнделікті қарым-қатынас жасайтын адамдардан, туыстарынан, мерзімді баспасөзден, электронды бұқаралық ақпарат құралдарынан және интернет кеңістігінен алады. Ақпарат көздерінің көптүрлілігі олардың діни түсініктерінің біркелкі қалыптаспауының негізгі себептерінің бірі болып саналады. Діни мазмұндағы мәліметтің сапасы, түсіндірілу деңгейі және қабылдау ортасы жасөспірімнің діни дүниетанымына тікелей әсер етеді.

Жасөспірімдік шақта дінге қызығушылық біртіндеп күшейеді, ал діни әлеуметтену күрделі әрі ұзақ үдеріс ретінде жүреді. Аталған кезеңде жас тұлға діни сенімді дайын қағидалар жүйесі ретінде ғана емес, өзіндік дүниетанымын, моральдық бағдарын және әлеуметтік орнын айқындайтын құндылықтық негіз ретінде қабылдай бастайды. Діни сенімнің орнығуы жасөспірімнің өмірлік тәжірибесімен, рухани ізденісімен және әлеуметтік ортасымен тығыз байланыста дамиды.

Түркістан өңіріндегі жастар мен жасөспірімдердің құндылықтық ұстанымдары кеңестік идеологиялық тәрбие жағдайында қалыптасқан алдыңғы буын тәжірибесінен өзгеше сипат алады. Тәуелсіздік кезеңінде әлеуметтенген жас буын жеке таңдау еркіндігіне, діни және мәдени сәйкестігін дербес анықтауға, қоғамдық өзгерістерді өзіндік көзқарас тұрғысынан бағалауға бейім. Мұндай ерекшелік олардың діни көзқарастарында да байқалады: дін тек ғибадат тәжірибесімен шектелмей, тарихи жады, ұлттық мәдениет және рухани бағдар жүйесімен байланыста қабылданады.

Шетелдік зерттеушілердің пайымдауынша, дербес ойлауға бейім жасөспірім әлеуметтік өзгерістерді, қоғамдық оқиғаларды және

мәдени құндылықтарды түсіну барысында идеология мен дінді өзіндік дүниетаным қалыптастырудың маңызды ресурсы ретінде қабылдауы мүмкін [5, 24 б.]. Түркістан өңірі жағдайында аталған тұжырым жергілікті тарихи-мәдени орта ықпалымен сабақтасады. Өңірдегі киелі орындар, діни дәстүрлер, отбасылық тәрбие және ақпараттық кеңістік жастардың діни көзқарастары мен құндылықтық бағдарларының қалыптасуына кешенді әсер етеді.

Зерттеу нәтижелері

Тәуелсіздік кезеңіндегі Түркістан облысы жастарының діни көзқарастары мен құндылықтық ұстанымдарын талдауда өңірлік архив құжаттары негізгі дереккөздік мәнге ие. Архив материалдары діни ахуалдың ресми тіркелу деңгейін, жергілікті басқару органдарының есеп беру тәртібін және жастардың діни-мәдени ортадағы әлеуметтену жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада пайдаланылған деректер өңірдегі діни үдерістерді сенім жүйесі аясында ғана емес, мемлекеттік саясат, қоғамдық бақылау, тарихи жады және жастар тәрбиесімен байланысқан әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыруға негіз болады.

Түркістан облысының қоғамдық ұйымдармен және діни бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бөлімінің 2004 жылғы есебінде аудандық және қалалық деңгейдегі діни ахуал туралы мәліметтердің толық әрі жүйелі берілмегені көрсетілген. Шымкент қаласы бойынша қоғамдық-саяси ахуалға қатысты үшінші және төртінші тоқсандық мәліметтердің ұсынылмауы, діни ахуал туралы ақпараттың тек бірінші тоқсанмен шектелуі өңірлік мониторинг жүйесіндегі ұйымдастырушылық олқылықтарды аңғартады. Төлеби, Сарыағаш, Мақтарал, Түркістан, Кентау, Ордабасы және Шардара аудандары бойынша да есептік мәліметтердің толық болмауы діни ахуалды тұрақты бақылау мен талдау ісінде әдістемелік бірізділіктің жеткіліксіз болғанын көрсетеді. Архив құжаттарында аталған кезеңдегі жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары жөнінде арнайы жинақталған деректердің кездеспеуі өңірлік жастар діндарлығын дербес зерттеу қажеттігін күшейтеді.

Өңірлік материалдар жастардың діни құндылықтарға қатынасы тарихи-мәдени орта арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Түркістан кеңістігінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, киелі орындар, мешіттер және зиярат мәдениеті

жас буынның діни дүниетанымына әсер ететін маңызды факторлар қатарына жатады. Киелі орындарға бару діни тәжірибе ғана емес, тарихи жадыны, ұлттық-мәдени мұраны және рухани құндылықтарды қабылдау формасы ретінде танылады. Жастардың діни бірегейлігіне отбасы, жергілікті мәдени орта, қоғамдық институттар және ақпараттық кеңістік ықпал ететіні қазіргі халықаралық зерттеулерде де айтылады. Голан діни жастардың сенім жүйесі мен діни сәйкестігінің цифрлық арналар арқылы жаңа форматта қалыптасатынын көрсетсе, Новак және авторлар әлеуметтік желілерде діни мазмұн көбіне жекелеген «контенттік орта» түрінде қабылданатынын дәлелдейді [21; 22].

Архивтік деректер кеңестік кезеңде Түркістан өңіріндегі діни орындарға қатысты әкімшілік-идеологиялық бақылаудың қатаң жүргізілгенін дәлелдейді. Түркістан облысының мемлекеттік архивінде сақталған 1937 жылғы 9 ақпандағы Түркістан аудандық комитетіне қатысты құжатта Хазірет Сұлтан кесенесіне зиярат етушілер санының артуы кеңестік билік тарапынан саяси-идеологиялық қауіп ретінде бағаланған. Құжат мазмұнында мешіттердің қызметін шектеу, дінге қарсы насихатты күшейту, кесенені музейге айналдыру және зияратшылар қозғалысын бақылау шаралары ұсынылған. Архив дерегі кеңестік жүйенің дінді қоғамдық өмірден ығыстыруға ұмтылғанын, ал Түркістандағы киелі орындардың жергілікті халық, соның ішінде жастар үшін рухани маңызын сақтап қалғанын көрсетеді [11].

Кеңестік құжаттардағы ресми риторика діни белсенділікті саяси қауіппен байланыстыра сипаттайды. Мешіттердің қызметі, зиярат тәжірибесі және діни тұлғалардың ықпалы идеологиялық бақылау нысаны ретінде қарастырылған. Хазірет Сұлтан кесенесін музейге айналдыру туралы ұсыныс діни кеңістікті секулярлық-ағартушылық кеңістікке алмастыруға бағытталған әкімшілік шешім ретінде бағаланады. Архивтік деректерге сүйенгенде, кеңестік кезеңдегі шектеулерге қарамастан, Түркістан өңіріндегі діни орындар жергілікті халықтың рухани жадында сақталып, кейінгі кезеңдегі діни және мәдени жаңғыруға тарихи негіз болған.

Тәуелсіздік жылдарында Түркістан өңіріндегі діни ахуал жаңа әлеуметтік сипат алды. Діни сенім бостандығының құқықтық тұрғыдан бекітілуі, діни бірлестіктердің ашық қызмет атқаруы, мешіттер санының артуы және киелі орындарға қоғамдық қызығушылықтың күшеюі жастардың діни көзқарастарына әсер етті. Жастар дінді ғибадат жүйесімен ғана

шектемей, тарихи-мәдени мұра, отбасылық тәрбие және ұлттық бірегейлікпен байланыста қабылдай бастады. Мақаладағы архивтік тізімде 2002–2004 жылдарға қатысты жастар саясаты, діни бірлестіктер, оқу орындары, діни қызметкерлер және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер жөніндегі деректер берілгендіктен, тәуелсіздік кезеңіндегі діни ахуалды институционалдық және әлеуметтік деңгейде қатар қарастыруға мүмкіндік бар [12; 13; 15].

Түркістан өңірі жағдайында жастардың діни көзқарасын қалыптастыратын факторлар бірнеше әлеуметтік орта арқылы көрінеді. Отбасы бастапқы рухани тәрбие кеңістігі ретінде әсер етеді, білім беру мекемелері діни сауаттылық пен сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, мешіттер мен діни қызметкерлер дәстүрлі діни түсіндіру арнасы ретінде қызмет атқарады, тарихи орындар мен зиярат мәдениеті діни-мәдени жақты күшейтеді. Цифрлық орта діни ақпаратты жедел тарату мүмкіндігін арттырғанымен, діни мазмұнның фрагментарлы қабылдануына да жағдай жасайды. Мара әлеуметтік медиа қолданушыларының дін мен тақуалық бейнесін онлайн кеңістікте қайта құрастыратынын көрсетеді; аталған тұжырым Түркістан облысындағы жастардың діни ақпаратты қабылдау арналарын талдауда теориялық негіз ретінде қолдануға жарайды [23].

Архивтік деректер мен қазіргі эмпирикалық материалдарды өзара байланыстыра талдау Түркістан өңіріндегі жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары бір ғана діни институт ықпалымен емес, тарихи жады, отбасылық тәрбие, билім беру ортасы, жергілікті мәдени кеңістік және цифрлық ақпарат арналары арқылы қалыптасатынын көрсетеді [12; 13; 15; 21; 22; 23]. 2004 жылғы есептік құжаттарда аудандық және қалалық деңгейдегі діни ахуал жөніндегі мәліметтердің толық берілмеуі өңірлік мониторинг жүйесінде әдістемелік бірізділіктің жеткіліксіз болғанын аңғартады [13]. Мұндай деректер жастар діндарлығын тек архивтік материалдармен шектеусіз, қазіргі әлеуметтік зерттеу нәтижелерімен салыстыра қарастыру қажеттігін күшейтеді.

Кеңестік кезеңдегі әкімшілік-идеологиялық бақылау Түркістандағы діни орындардың қоғамдық қызметін шектеуге бағытталғанымен, өңірдің рухани жады толық үзіліп қалған жоқ. 1937 жылғы архив құжатында Хазірет Сұлтан кесенесіне зиярат етушілер қозғалысы кеңестік билік тарапынан саяси-идеологиялық қауіп ретінде сипатталып, діни орындарды бақылау, дінге қарсы насихатты күшейтеу

және кесенені музейлік кеңістікке айналдыру мәселелері көтерілген [11]. Тәуелсіздік жылдарында діни сенім бостандығының құқықтық негізде бекітілуі, мешіттер мен діни бірлестіктер қызметінің жандануы, киелі орындарға қызығушылықтың артуы жастардың құндылықтық бағдарларына жаңа мазмұн берді [12; 13; 15]. Осы үдерісте діни-мәдени мұра тарихи сабақтастықтың белгісі ғана емес, жас буынның әлеуметтік және рухани өзін-өзі тануына ықпал ететін маңызды ресурс ретінде көрінді.

Цифрлық медианың кеңеюі жастардың діни ақпаратқа қолжетімділігін арттырғанымен, ақпаратты іріктеу, түсіндіру және сыни бағалау мәселесін күрделендірді. Әлеуметтік желілерде таралатын діни мазмұн көбіне қысқа, үзік және контекстен ажыратылған формада қабылданады. Қазіргі шетелдік зерттеулерде жастардың діни бірегейлігі цифрлық орта, әлеуметтік желілер және онлайн қауымдастықтар арқылы да қалыптасатынын көрсетіледі [21; 22; 23]. Сондықтан Түркістан облысындағы колледж студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін архивтік және баспасөз деректерімен ұштастыру өңір жастарының діни сауаттылық деңгейін, ақпарат алу арналары мен дәстүрлі құндылықтарға қатынасын кешенді сипаттауға мүмкіндік береді.

Түркістан облысының мемлекеттік архивінде сақталған 1937 жылғы 9 ақпандағы Түркістан аудандық комитетіне қатысты құжат кеңестік кезеңдегі дінге қарсы саясаттың мазмұнын нақты көрсетеді. Құжатта Хазірет Сұлтан кесенесіне зиярат етушілер санының артуы кеңестік билік тарапынан саяси-идеологиялық қауіп ретінде бағаланған. Аудандық бюро молда-ишандардың ықпалын шектеу, дінге қарсы үгіт-насихатты күшейту, жергілікті партия ұйымдарының жұмысын жандандыру, «Қызыл Түркістан» және «Горняк-Қаратау» басылымдары арқылы ақпараттық-насихаттық жұмысты жүйелеу жөнінде шешім қабылдаған. Кеңестік билік Хазірет Сұлтан кесенесіне келушілер қозғалысын бақылауды, діни орынға баруға шектеу қоюды және кесенені музейлік кеңістікке айналдыруды ұсынған [ТОМА. 141-қ., 1-т., 13581-іс, 50–53-пп.].

1937 жылғы архив дерегінде қаңтар айында Хазірет Сұлтан кесенесіне Өзбекстаннан 37 адам, Сайрам ауданының Манкент қыстағынан 15 адам зиярат ету мақсатында келгені көрсетілген. Құжатта зияратшылармен діни тұлғалардың кездесуі, ұжымдық діни рәсімдердің өткізілуі және кесенеге келушілер санының өсуі кеңестік идеологиялық бақылау

тұрғысынан сипатталған. Архив мәтініндегі саяси риторика діни белсенділікті қоғамдық қауіп ретінде түсіндіреді. Зерттеу тұрғысынан алғанда, аталған дерек Түркістандағы киелі орындардың кеңестік қысым жағдайында да жергілікті халықтың рухани жадында сақталғанын дәлелдейді [ТОМА. 141-қ., 1-т., 13581-іс, 50–53-пп.].

Кеңестік құжаттардағы діни белсенділікті шектеу шаралары Хазірет Сұлтан кесенесінің өңірлік діни-мәдени кеңістіктегі орнын жанама түрде айқындайды. Кесенені музейге айналдыру ұсынысы діни мағынаны секулярлық-ағартушылық мазмұнмен алмастыруға бағытталған әкімшілік шешім ретінде бағаланады. Архивтік мәліметтер Түркістан өңіріндегі діни орындардың жас-тар мен жасөспірімдер үшін тарихи жады, рухани бағдар және мәдени сәйкестік қалыптастыратын кеңістік болғанын көрсетеді.

Тәуелсіздік кезеңінде Түркістандағы киелі орындардың қоғамдық маңызы жаңа әлеуметтік сипат алды. Туризм инфрақұрылымының дамуы, діни-тарихи орындарға қолжетімділіктің артуы, ірі қалалардан келетін жастар легінің көбеюі және шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің өңірлік білім беру кеңістігіне тартылуы діни-мәдени мұраның жастар дүниетанымындағы рөлін күшейтті. Жаңа Scopus зерттеулері жастардың діни тәжірибесі тек дәстүрлі институттармен шектелмей, әлеуметтік медиа, визуалды контент және желілік қауымдастықтар арқылы да қалыптасатынын көрсетеді [21; 22; 23]. Түркістан жағдайында тарихи орындар мен цифрлық ақпарат кеңістігі жастардың діни көзқарасын қалыптастыратын өзара ықпалдасқан факторлар ретінде көрінеді.

Түркістан облысының мемлекеттік архиві қорларында сақталған 2002 жылғы мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі мәліметтер өңірдегі жастардың әлеуметтік-демографиялық салмағын нақтылайды. Оңтүстік Қазақстан облысында 14–29 жас аралығындағы жастар саны 524 мыңнан асып, халықтың жалпы санының 26,4 пайызын құраған. Қалалық жерлерде 186,5 мың, ауылдық жерлерде 337,9 мың жас азамат тұрған. Облыс аумағында 34 жоғары оқу орны, 25 арнаулы орта оқу орны және 21 кәсіптік-техникалық мектеп жұмыс істеген [ТОМА. 1436-қ., 1-т., 17-іс, 1-п.]. Аталған көрсеткіштер жастардың өңірлік әлеуметтік құрылымдағы үлесінің жоғары болғанын және білім беру ұйымдарының дүниетанымдық қалыптасуға ықпал ететін маңызды ортаға айналғанын көрсетеді.

Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының 2004 жылғы жастар саясаты жөніндегі мәліметтерінде өңір жастарының жалпы саны 656 797 адамға жуықтап, халықтың 29,85 пайызын құрағаны көрсетілген. Жыныстық құрам бойынша ер балалар саны 330 247, қыз балалар саны 326 550 адам болған. Этникалық құрылымда қазақтар 67 пайыз, орыстар 8 пайыз, өзбектер 16 пайыз, өзге ұлт өкілдері 9 пайыз көлемінде берілген. Қала жастарының саны 242 229 адамға, ауыл жастарының саны 414 568 адамға жеткен. 2005 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы миграциялық көрсеткіште облысқа келген жастар саны 1797 адам, облыстан кеткен жастар саны 2862 адам ретінде тіркелген. Облыстағы студенттер мен оқушылардың жалпы саны 119 402 адамды құраған; жоғары оқу орындарындағы студенттер саны 92 мыңға жуық, орта арнаулы оқу орындарындағы білім алушылар саны 27 402 адам болған [ТОМА. 1436-қ., 1-т., 53-іс, 13-п.].

Архив деректері жастардың діни көзқарасын тек діни институттар аясында ғана емес, демографиялық, білім беру және әлеуметтік орта жағдайында зерттеу қажеттігін көрсетеді. Жастар санының жоғары болуы, ауылдық жастар үлесінің басымдығы, этникалық құрамның әртүрлілігі және білім беру ұйымдарының көптігі діни көзқарастардың қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік алғышарттар қатарын кеңейтеді. Жастардың діни құндылықтарға қатынасы отбасылық орта, білім беру мекемелері, діни бірлестіктер, ақпараттық кеңістік және өңірлік мәдени жады арқылы қалыптасады.

2002 жылғы архив мәліметтері бойынша, Оңтүстік Қазақстан облысында 17 конфессияға кіретін 560 діни бірлестік әрекет еткен. Ислам бағыты сандық жағынан басым болып, облыс халқының 80 пайызы ислам дінін ұстанушылар ретінде көрсетілген. Орыс православие шіркеуінің 19 приходы, корей христиан бірлестігінің 19 ұйымы, Евангелия христиан-баптистерінің 14 бірлестігі жұмыс жүргізген. Конфессиялық әртүрлілік деңгейі жоғары аумақ ретінде Төлеби ауданы, Сайрам ауданы және Кентау қаласы аталған [ТОМА. 1436-қ., 1-т., 17-іс, 1-п.]. Көпконфессиялы орта жастардың діни көзқарастары мен құндылықтық бағдарларын зерттеуде діни сауаттылық, конфессияаралық келісім және әлеуметтік тұрақтылық мәселелерін қатар қарастыруды талап етеді.

2001 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысынан кейін бұрын тіркеуден

өтпеген мешіттердің жаппай тіркеуден өтуі ислам бағытындағы діни бірлестіктер санының өсуіне әсер етті. Архив деректері мешіттер санының 159-ға артқанын көрсетеді. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Муфтияттың бұйрығы бар имамдар жөніндегі 2004 жылғы мәліметте өңірдегі мешіттер саны 517-ге жеткені тіркелген [ТОМА. 1436-қ., 1-т., 39-іс, 91-п.]. 1-кестеде берілген мәліметтер діни инфрақұрылымның кеңеюін, жастардың діни ақпаратқа, діни тәжірибеге және жергілікті діни институттарға қолжетімділігі артқанын көрсетеді.

Діни инфрақұрылымның кеңеюі жастардың діни әлеуметтену арналарының күрделенуіне ықпал етті. Мешіттер, имамдар, білім беру ұйымдары, отбасылық тәрбие, мерзімді баспасөз және кейінгі кезеңдегі цифрлық медиа жастардың діни көзқарасына әртүрлі деңгейде әсер ететін факторлар қатарында қарастырылады. Новак және әріптестері Instagram кеңістігіндегі діни жастардың өзара байланысын зерттей отырып, әлеуметтік медиа діни сәйкестік пен қауымдастық сезімін нығайта алатынын көрсетеді [22]. Мара

әлеуметтік медиа қолданушыларының дін мен тақуалық бейнесін желілік кеңістікте қайта құрастыратынын дәлелдейді [23]. Түркістан өңіріндегі жастардың діни көзқарастарын зерттеу барысында аталған тұжырымдар цифрлық ақпарат кеңістігінің ықпалын түсіндіруге теориялық негіз бола алады.

Архивтік деректер мен қазіргі эмпирикалық материалдарды байланыстыра талдау Түркістан облысындағы жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары тарихи сабақтастық, институционалдық өзгеріс, әлеуметтік орта және ақпараттық ықпал жағдайында қалыптасатынын көрсетеді. Кеңестік кезеңдегі әкімшілік шектеулер діни орындардың рухани маңызын толық жоймаған. Тәуелсіздік кезеңіндегі діни еркіндік, діни бірлестіктер қызметінің артуы, мешіттер санының көбеюі және киелі орындардың қоғамдық маңызы жастардың құндылықтық бағдарларын жаңаша қалыптастырды. Цифрлық орта діни ақпаратқа қолжетімділікті арттырды, діни сауаттылық пен ақпаратты сыни бағалау мәселесін ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті етті (1-кестеге қараңыз).

Кесте 1 - Діни қызметкерлер

қ/с	Аудан аттары	Мешіт саны	Жәми	Зәби	Бұйрығы бар имамдар саны (муфтияттан)	Бұйрығы бар наибтар саны (муфтияттан)
1	Арыс ауданы	14	11	3	3 имамда бұйрық бар	жоқ
2	Бәйдібек ауданы	26	2	24	1 -----	жоқ
3	Мақтарал ауданы	33	11	22	3 -----	1 наибта бұйрық бар
4	Келес ауданы	30	10	20	1 -----	-----
5	Кентау қаласы	5	4	1	4 -----	1 наибта бұйрық Ратбектен
6	Қазығұрт ауданы	30	20	10	2 -----	-----
7	Сайрам ауданы	113	14	99	3 -----	-----
8	Сарыағаш ауданы	41	13	28	2 -----	-----
9	Созақ ауданы	29	3	26	жоқ	-----
10	Отырар ауданы	17	14	3	3 имамда бұйрық бар	-----
11	Ордабасы ауданы	17	8	9	1 -----	-----
12	Төлеби ауданы	46	4	42	3 -----	-----
13	Түркістан ауданы	42	10	32	9 -----	2 наибта Ратбектен
14	Түлкібас ауданы	30	18	12	2 имамда бұйрық бар	-----
15	Шардара ауданы	12	4	8	1 имамда бұйрық бар	-----
16	Шымкент қаласы бойынша	32	22	10	9 -----	-----
		517	168	349	44 имамда бұйрық бар	4 наибта бұйрық бар

Өңірде діни бағыттағы ақпараттық кеңестіктің кеңеюі жастардың діни көзқарастары мен құндылықтық бағдарларының қалыптасуына ықпал етті. Архивтік мәліметтерге сәйкес, зерттеліп отырған кезеңде облыс бойынша айына 10 мың дана таралыммен діни мазмұндағы

газет-журналдар шығарылып, таратылған. Басылымдардың басым бөлігі ислам бағытындағы діни-танымдық материалдарға негізделген. Діни баспасөздің таралуы, мұсылмандық ғибадат орындарының көбеюі және діни-ағартушылық жұмыстың жаңдануы

өңірдегі дін институтының қоғамдық маңызын арттырды. Жастар мен жасөспірімдердің мешіт тарихына, жергілікті діни тұлғаларға және киелі орындарға қызығушылық танытуы діни танымның тарихи-мәдени орта арқылы қалыптасатынын көрсетеді.

Облыстың ауылдық аймақтарындағы діни ғибадат орындары жергілікті тарихи жадымен және рухани дәстүрлермен тығыз байланысты. Мұндай орындар 15–17 жастағы жасөспірімдердің өлке тарихын тануына, діни-мәдени мұраны қабылдауына және рухани бағдарын айқындауына әсер етеді. Мухиддинханға қатысты дерек пен Оқжүніс әулие шежіресі өңірлік діни жадтың ұрпақаралық сабақтастығын сипаттайтын материалдар қатарына жатады [16, 16 б.]. Жергілікті мешіттерге, имамдар қызметіне және діни шежірелік деректерге қызығушылық жастардың діни көзқарасын дәстүрлі рухани құндылықтармен байланысты қабылдайтынын аңғартады.

Қазығұрт ауданындағы 2002–2003 жылдардағы діни ахуал жөніндегі аудан әкімінің орынбасары Қ.Құлажановтың баяндамасы өңірдегі діни бірлестіктер қызметінің институционалдық сипатын нақтылайды. Құжатта Қазығұрт ауданы бойынша 48 діни бірлестік қызмет көрсеткені, олардың 39-ы Әділет басқармасында тіркелгені, 9 мешіттің намазхана ретінде жұмыс істегені көрсетілген. Аудан көлемінде дін өкілдері мен ауыл имамдары жергілікті тұрғындармен, жастармен және жасөспірімдермен кездесулерге тартылған. Діни бірлестіктер өкілдері мен ауыл әкімдерінің қатысуымен жастар арасында діни экстремизм идеяларына қарсы профилактикалық іс-шаралар жоспарланған.

Құқық қорғау органдары тарапынан террористік және экстремистік ұйымдармен байланысы болуы мүмкін тұлғаларды анықтау мақсатында «Мигрант» операциясы жүргізілген. Архивтік деректе Қазығұрт ауданы аумағында «Хизбут-Тахрир» діни ұйымы өкілдерінің әрекеті немесе аталған ұйымды насихаттаушы азаматтардың анықталмағаны көрсетілген. Ішкі саясат және жастар ісі бөлімі діни бірлестік өкілдерімен бірлесіп, жергілікті тұрғындар, соның ішінде мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында тоқсан сайын әлеуметтік сауалнамалар жүргізген. Сауалнама нәтижелері халықтың, жастардың дінге қатынасын анықтауға және соған сәйкес жоспарлы іс-шараларды ұйымдастыруға пайдаланылған [ТОМА. 1436-қ., 1-т., 8-іс, 3–5-п.].

Қазығұрт ауданы бойынша берілген архивтік мәліметтер жергілікті діни ахуалды бақылау, профилактикалық жұмыс жүргізу және жастардың діни көзқарасын бағалау бағытында белгілі бір институционалдық тәжірибе қалыптасқанын көрсетеді. Діни бірлестіктер, ауыл имамдары, жергілікті әкімдік құрылымдары және қоғамдық орта өкілдері жастармен рухани-танымдық байланыс орнатуға тартылған. Мұндай жұмыс діни сауаттылықты арттырумен қатар, деструктивті діни ықпалдардың алдын алуға бағытталған әлеуметтік-профилактикалық механизм ретінде сипатталады.

Кейінгі жылдары жергілікті және республикалық мерзімді басылымдарда жарияланған сауалнама нәтижелері жастардың дінге қатынасы мен діни өзін-өзі сәйкестендіру көрсеткіштерінің өзгергенін көрсетеді. Жастар арасында дінге қызығушылықтың артуы, діни құндылықтарға оң көзқарастың күшеюі және діни экстремизм идеяларына қарсы ұстанымның айқындалуы байқалады. Бұқаралық ақпарат құралдарында өңір жастары мен жасөспірімдерінің діни көзқарасын, құндылықтық бағдарларын, әлеуметтік әлеуетін және тұрмыс жағдайын жүйелі түрде анықтайтын зерттеулердің аз жүргізілгені де атап өтіледі.

2016 жылы «Abai.kz» порталында әлеуметтік желі арқылы жүргізілген сауалнама жастардың діни көзқарастарына қатысты қосымша эмпирикалық материал береді. Сауалнамаға қатысқан 700 адамның шамамен 70 пайызы 18–25 жас аралығындағы жастар болған. Діни сеніміне қарай талдау нәтижесінде респонденттердің 83 пайыздан астамы өзін ислам діні өкілі ретінде көрсеткен, 70 пайызға жуығы ислам дінін берік ұстанатынын білдірген. Жастардың 56 пайызы дінді қазақ қоғамындағы реттеуші әлеуметтік институт ретінде бағалап, этносаралық татулық пен конфессияаралық келісімге негіз болатын фактор ретінде сипаттаған. Респонденттердің 75 пайыздан астамы теріс діни ағымдар насихатының таралуына қарсы ұстаным білдірген [5, 20 б.].

Аталған деректер Түркістан өңіріндегі жастардың діни көзқарастары отбасылық тәрбие, жергілікті діни орта, мешіттер қызметі, мерзімді баспасөз, әлеуметтік сауалнама тәжірибесі және цифрлық коммуникация кеңістігі арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Діни басылымдар мен ғибадат орындарының көбеюі діннің қоғамдық кеңістіктегі рөлін күшейтсе, аудандық деңгейдегі

профилактикалық жұмыс жастардың діни сауаттылығы мен ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жастардың дінге қатынасындағы оң динамика діни құндылықтардың әлеуметтік тұрақтылық, тарихи жады және рухани тәрбие жүйесімен байланыста қабылданатынын айқындайды.

2004–2016 жылдар аралығында жастардың тіркелмеген діни ұйымдар мен деструктивті ағымдар ықпалына түсу қаупі мемлекеттік саясат деңгейінде арнайы қарастырыла бастады. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, жастардың діни сауаттылығын арттыру, кереғар идеологиялық ықпалдан қорғау бағытында профилактикалық жұмыстар жүйеленді. Түркістан өңіріне қатысты архивтік және баспасөз материалдары жастардың діни көзқарастары жеке сенім деңгейімен шектелмей, қоғамдық тұрақтылық, ұлттық қауіпсіздік және рухани тәрбие мәселелерімен байланыста қарастырылғанын көрсетеді.

Жергілікті баспасөзде жарық көрген материалдар жас буынның дін мәселесіне азаматтық жауапкершілік тұрғысынан қарай бастағанын аңғартады. Әл-Фараби атындағы орта мектептің 11-сыноп оқушысы С. Жақсыбекованың «Қазақстан Республикасында ислам діні өркениетке шыға алады ма?» атты мақаласында діни сенім бостандығы, радикалды идеялардың таралу қаупі, діни экстремизмнің ұлттық қауіпсіздікке әсері және құқықтық шаралардың қажеттілігі талданған [11, 77 б.]. Архивтік деректе автордың «Хизбут-Тахрир» ұйымына қатысты мәселені қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіретін фактор ретінде бағалағаны көрсетіледі [ТОМА. 1436-қ., 1-т., 33-іс, 25-п.]. Мұндай материалдар жасөспірімдер арасында діни тақырыпты құқықтық сана, қоғамдық келісім және әлеуметтік жауапкершілікпен байланыстыра қабылдау белгілері қалыптаса бастағанын көрсетеді.

С. Жақсыбекова мақаласында ислам дінінің рухани даму, қайырымдылық және әлеуметтік жауапкершілікпен байланысы да қарастырылған. Автор қайырымдылықты тек діни міндет аясында емес, жалпыадамзаттық құндылық ретінде түсіндіреді [6, 7 б.]. Мәтін мазмұны жасөспірімдердің діни көзқарасында моральдық-этикалық бағдардың маңызды орын алатынын байқатады.

Тәуелсіздік жылдарында дәстүрлі емес діни құрылымдардың көбеюі және діни ақпарат арналарының кеңеюі жастардың діни сауаттылығы мәселесін өзектендірді. Кейбір ағымдардың ресми діни институттардан тыс

насихат жүргізуі жастар арасында ақпаратты сыни бағалау қабілетін қалыптастыру қажеттігін күшейтті. Діни мазмұндағы ақпараттың әртүрлі арнамен таралуы діни білімді теологиялық түсіндірумен ғана шектелмей, медиа сауаттылық және дереккөз сенімділігін бағалау дағдыларымен байланысты қарастыруды талап етеді.

Халықаралық зерттеулерде жастардың діни көзқарастары дәстүрлі институттармен қатар цифрлық ақпараттық орта арқылы да қалыптасатынын көрсетіледі. О. Golan жастар діндарлығы мен цифрлық мәдениеттің байланысын жеке ғылыми бағыт ретінде сипаттайды [21]. К. Новак, А. Маттес, М. Хазельбахер және К. Лимахер әлеуметтік желілердің діни сәйкестік пен қауымдастық сезімін қалыптастырудағы рөлін талдайды [22]. F.G. Marei әлеуметтік медиа қолданушыларының діни тәжірибе мен тақуалық бейнесін онлайн кеңістікте қайта құрастыратынын көрсетеді [23]. Түркістан өңіріндегі жастарға қатысты деректер цифрлық ортаның діни ақпаратты қабылдау үдерісіне ықпалын өңірлік деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді.


Түркістан облысындағы колледж студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері жастардың дінге қызығушылығы бар екенін көрсетті. Сауалнамаға жалпы саны 300 респондент қатысты. Сауалнама діни сауаттылық деңгейін, діни ақпарат алу көздерін, дәстүрлі діни құндылықтарға қатынасын және деструктивті діни ағымдарға қатысты ұстанымын анықтауға бағытталды. Нәтижелер жастардың діни ақпаратты отбасы, мешіт, білім беру ортасы және цифрлық кеңістік арқылы қабылдайтынын көрсетті. Аталған деректер діни сауаттылықты арттыру жұмысын ақпараттық қауіпсіздік және медиа сауаттылықпен ұштастыру қажеттігін негіздейді.

2004–2016 жылдардағы архивтік, баспасөздік және эмпирикалық мәліметтер Түркістан өңіріндегі жастардың діни көзқарастары қоғамдық-саяси өзгерістер, діни қауіпсіздік шаралары, білім беру кеңістігі және цифрлық ақпарат арналары ықпалымен қалыптасқанын көрсетеді. Жастардың діни құндылықтарға қатынасы рухани тәрбие, қоғамдық тұрақтылық және азаматтық жауапкершілікпен байланыста дамиды.

Сауалнама нәтижелері жалпы іріктеме көлемі негізінде талданды. Кейбір сұрақтар бойынша жауап санының айырмашылығы респонденттердің барлық сұраққа бірдей жауап бермеуімен және жекелеген сұрақтарда

бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігімен біріккен әр сұраққа берілген нақты жауаптар байланысты. Сондықтан төмендегі көрсеткіштер саны бойынша пайыздық үлеспен ұсынылды.

2-сурет – Діни сауаттылық туралы



2-суретте берілген сауалнама нәтижелері респонденттердің діни сауаттылық деңгейі біркелкі емес екенін көрсетеді. Діни білімін жеткілікті деп бағалаған студенттермен қатар, діни ақпаратты орташа деңгейде меңгерген немесе өз білімін нақты бағалауға қиналған респонденттер де бар. Бұл көрсеткіш жастар арасында діни-ағартушылық жұмысты жүйелі жүргізу, сенімді ақпарат көздерін пайдалану мәдениетін қалыптастыру және діни мазмұндағы ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау дағдыларын дамыту қажеттігін айқындайды.

Зерттеу барысында эмпирикалық және теориялық әдістер кешені қолданылды: сауалнама, контент-талдау, салыстырмалы талдау, құрылымдық-функционалдық әдіс және аксиологиялық талдау. Алынған деректер жастардың діни дүниетанымы біртекті емес

екенін көрсетті. Діни білімнің жеткіліксіздігі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ықпалы және цифрлық медиакеңістіктегі діни дискурстың реттелмеуі жастар арасында дүниетанымдық тұрақсыздықтың, құндылықтық бағдарлардың әркілігінің және діни ұғымдарды фрагментарлы қабылдаудың қалыптасуына әсер етеді.

Зерттеу нәтижелері дәстүрлі діни құндылықтар мен секулярлық көзқарастардың қатар ықпалы жағдайында жастардың діни санасы өзгермелі сипат алатынын байқатты. Деструктивті діни ағымдардың идеологиялық ықпалына қарсы тұруда діни ағартушылықты жүйелеу, теологиялық сауаттылықты арттыру, жастардың сыни ойлау мәдениетін дамыту және сенімді ақпарат көздеріне сүйену дағдыларын қалыптастыру маңызды орын алады.

Сауалнама нәтижелері дінтану, әлеуметтану, философия, жастар саясаты және діни қауіпсіздік салаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту қажеттігін көрсетті. Жастармен жұмыс жүргізуде оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру, практикалық іс-шараларды ғылыми негізде ұйымдастыру және білікті мамандар даярлау мәселелері ерекше мәнге ие.

Жастардың діни өзін-өзі сәйкестендіру деңгейі артқанымен, діни білімнің мазмұндық құрылымында тұрақсыздық байқалады. Діни ұғымдарды қабылдау көбіне фрагментарлы сипат алып, теологиялық білімнің жеткіліксіздігі және діни қағидаларды жүйелі түсінбеу мәселелері көрініс береді. Мұндай жағдай діни дүниетанымдағы когнитивтік қайшылықтардың, аксиологиялық бірізділіктің әлсіздігінің және нормативтік бағдарлардың айқын еместігінің қалыптасуына ықпал етеді. Түркістан облысындағы жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары әлеуметтік трансформация жағдайында өзгермелі әрі бейімделгіш сипатқа ие. Осыған байланысты діни қауіпсіздікті нығайту, конфессияаралық келісімді сақтау, экстремистік идеологиялардың алдын алу, діни білім беруді жүйелеу, теологиялық сауаттылықты жетілдіру және білім беру ұйымдары мен діни институттар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту қажет [7, 8 б.].

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2002 жылғы діни саладағы жұмыстарына қатысты материалдар өңірдегі діни ахуалды бақылау және діни мазмұндағы материалдарға сараптама жүргізу тәжірибесінің қалыптасқанын көрсетеді. Шымкент қаласындағы «Толық Евангелия христиандары» ұйымына түскен діни әдебиеттер арнайы комиссия арқылы сараптамадан өткізілген. Діни саладағы өзгерістердің бағытын анықтау және мемлекеттік құрылымдардың әрекетін үйлестіру мақсатында облыс әкімдігі қызметкерлері тұрғындармен және діни бірлестік басшыларымен тұрақты кездесулер ұйымдастырған. Аталған жұмыстар діни жаңғыру үдерісінің жағымды қырларымен қатар, әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етуі мүмкін тәуекелдерді де назарда ұстау қажеттігін көрсетті.

Республика бойынша 1993–2000 жылдар аралығында діни бірлестіктер саны 2,3 есе артқан, ал Оңтүстік Қазақстан облысында аталған көрсеткіш 2 есеге өскен. 2000 жылғы статистикада діни бірлестіктер санының төмен көрсетілуі бақылау органдарының қолданыстағы заң талаптарына сәйкес

діни бірлестіктердің құқықтық мәртебесін нақтылауымен түсіндіріледі [8, 56 б.]. Аталған деректер тәуелсіздік жылдарындағы діни институттардың кеңеюі жастардың діни көзқарастары мен құндылықтық ұстанымдарының қалыптасуына әсер еткен маңызды әлеуметтік факторлардың бірі болғанын көрсетеді.

2003 жылғы архивтік мәліметтер Оңтүстік Қазақстан облысындағы жастардың әлеуметтік-демографиялық құрылымын нақты сипаттайды. Облыс аумағында 15–29 жас аралығындағы жастар саны 564 мыңға жуықтап, жалпы халықтың 27 пайызын құраған. Оның 342 мыңға жуығы ауылдық жерлерде, 220 мыңға қалалық ортада тұрған. Жоғары, орта арнаулы оқу орындары мен кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінде 42 мың жас түрлі мамандықтар бойынша білім алған. Олардың ішінде 3800 студент грант негізінде, 3052 студент кредит жүйесі бойынша оқыған [ТОМА. 1436-қ., 1-т., 39-іс, 63-п.].

Жастардың діни көзқарастары мен құндылықтық бағдарларының қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық жағдай да ықпал етеді. Оңтүстік өңіріндегі кейбір жастардың діни ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауында, ұлттық және азаматтық құндылықтарға қатысты ұстанымдарының тұрақтануында әлеуметтік әл-ауқат, жұмыспен қамтылу деңгейі және өмірлік мүмкіндік факторлары маңызды рөл атқарады. Жұмыссыздықтың артуы, әлеуметтік тұрақсыздық және кәсіби бағдардың әлсіздігі жастардың сыртқы идеологиялық ықпалдарға бейім болу қаупін күшейтетін факторлар қатарына жатады.

Түркістан облысының мемлекеттік архивіндегі 2003 жылғы қала жастары арасындағы жұмыссыздық құрылымы жөніндегі мәліметтер аталған мәселенің әлеуметтік негізін көрсетеді. Шымкент қаласы әкімінің халықты жұмыспен қамту басқармасында ресми тіркеуде 1820 жұмыссыз азамат тұрған. Олардың 223-і 14–29 жас аралығындағы жастар болып, жалпы жұмыссыздардың 12,3 пайызын құраған. Жас ерекшелігі бойынша 115 адам 19–24 жас аралығында тіркелген. Ұлттық құрамына қарай жұмыссыз жастардың 166-сы қазақ, 24-і өзбек, 20-сы орыс, 4-еуі татар, 3-еуі украин, 2-еуі әзербайжан, 2-еуі кәріс, 1-еуі неміс, 1-еуі грузин, 1-еуі түркімен ретінде көрсетілген. Жыныстық құрамы бойынша 109-ы ер азаматтар, 114-і әйел азаматтар болған [ТОМА. 1436-қ., 1-т., 23-іс, 30-п.].

Халықты жұмыспен қамту саласындағы архивтік деректер де жастардың әлеуметтік

жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. 2003 жылы халықты жұмыспен қамту басқармасы арқылы 2777 жұмыссыз азамат тұрақты жұмысқа орналасқан, олардың 1232-сі жастар болып, 44 пайызды құраған. Облыстық статистика басқармасының 2004 жылдың бірінші тоқсаны бойынша мәліметінде жалпы жұмыссыздар саны 84,5 мың адам ретінде берілген. Оның 44 пайызы, яғни 37,1 мыңы жастар болған. Ресми тіркелген 10 мыңнан астам жұмыссыз азаматтың 26 пайызын жастар құраған. 2004 жылдың бірінші жартыжылдығында жұмыспен қамту бөліміне жұмыс іздеп 4487 жас азамат жүгінген. Олардың 2463-і тұрақты жұмысқа орналасқан, 815-і ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған, 428-і қайта даярлау курстарында оқыған. Есепті

кезең соңында 2673 жұмыссыз жас тіркеуде тұрған [ТОМА. 1436-қ., 1-т., 39-іс, 86-п.].

Архивтік мәліметтер жастардың діни көзқарастары мен құндылық тұстанымдарын әлеуметтік контекстен тыс қарастыруға болмайтынын көрсетеді. Жұмыспен қамтылу деңгейі, білім алу мүмкіндігі, ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік айырмашылық, кәсіби бейімделу және экономикалық тұрақтылық жастардың дүниетанымдық бағдарларына әсер етеді. Әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі рухани және азаматтық қалыптасу үдерісінде белгілі бір тежелістер туындатуы мүмкін. 2003 жылғы жұмыссыз жастар жөніндегі деректер осы мәселенің өңірлік деңгейдегі өзектілігін нақтылайды. Бұл көрсеткіштер 3-кестеде жүйеленіп беріледі.

Кесте 2 - Қатысушылар

Р/с	МАЗМҰНЫ	САНЫ (мың адам)	Жалпы халыққа қатынасы %
1.	Жалпы 15-29 жас аралығындағы жастар	582,8	27,1
2.	Экономикалық белсенді жастар	369,9	37,4
3.	Экономикада еңбекпен қамтылғандар	332,8	36,8
4.	Өздігінше жұмыспен қамтылғандар	199,4	9,3
5.	Жұмыссыз жастар	37,1	43,9
	Оның ішінде ауылдық жердегі	17,4	47,0
6.	Жұмыссыздық деңгейі, %	10,6	X
7.	Экономикалық белсенді емес жастар	212,9	48,7

Облыстық халықты жұмыспен қамту басқармасы жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендету, еңбек нарығына бейімдеу және әлеуметтік қолдау бағытында бірқатар шаралар жүргізген [9, 10]. Архивтік және статистикалық деректер жұмыссыздықтың өңірлік жастар саясатын іске асыруда маңызды әлеуметтік фактор болғанын көрсетеді.

Жұмыспен қамтылу мүмкіндігінің шектеулі болуы, әлеуметтік тұрақсыздық және экономикалық теңсіздік жастардың құндылықтық бағдарлары мен дүниетанымдық таңдауына әсер етеді. Мұндай жағдай деструктивті діни ағымдардың ықпалына бейімділікті күшейтуі мүмкін. Сондықтан жастардың діни көзқарастарын зерттеуде діни сауаттылықпен қатар әлеуметтік-экономикалық жағдай, еңбекпен қамтылу және жастар саясатының тиімділігі бірге қарастырылуы қажет.

Қорытынды және тұжырымдама

Түркістан өңіріндегі жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары мен ұлттық құндылықтарға қатынасы тарихи, әлеуметтік, мәдени және ақпараттық факторлармен бай-

ланыста қарастырылды. Зерттеу нәтижелері жастардың діни ұстанымдары отбасы институты, білім беру жүйесі, жергілікті діни орта, әлеуметтік желілер және цифрлық коммуникациялық кеңістік ықпалымен қалыптасатынын көрсетті. Респонденттер арасында дінге қызығушылықтың бар екені анықталғанымен, діни білімнің мазмұндық құрылымында жүйелілік жеткіліксіз екені байқалды [10, 12 б.].

Жастардың діни санасында дәстүрлі рухани құндылықтар мен заманауи секулярлық көзқарастар қатар ықпал етеді. Аталған жағдай діни дүниетанымның тұрақты әрі бірізді қалыптасуына әсер етіп, кейбір жасөспірімдерде діни ұғымдарды фрагментарлы қабылдау, ақпаратты сыни бағалаудың әлсіздігі және құндылықтық бағдарлардың әркелкілігі сияқты белгілердің көрінуіне негіз болады. Әлеуметтік желілер діни ақпарат алудың маңызды арнасына айналғандықтан, жастардың діни сауаттылығын медиа сауаттылық және сыни ойлау мәдениетімен байланысты дамыту қажеттігі айқындалды.

Сауалнама нәтижелері Түркістан облысындағы жастар мен жасөспірімдердің діни

көзқарастары әлеуметтік ортадағы өзгерістерге бейім, трансформациялық сипатқа ие екенін көрсетті. Діни өзін-өзі сәйкестендіру деңгейінің артуы байқалғанымен, теологиялық білімнің жеткіліксіздігі, діни қағидаларды жүйелі түсінбеу және сенімді ақпарат көздерін ажыратудағы қиындықтар сақталып отыр. Мұндай ерекшелік жастардың діни танымын тек рухани тәрбие аясында емес, білім беру, ақпараттық қауіпсіздік және әлеуметтік саясатпен байланыста қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу барысында қойылған мақсат орындалды: Түркістан өңіріндегі жастар мен жасөспірімдердің діни көзқарастары мен құндылықтық бағдарларының қалыптасу ерекшеліктері архивтік, тарихи-салыстырмалы және эмпирикалық деректер негізінде анықталды. Кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдарындағы діни ахуалдың айырмашылықтары салыстырылып, жастардың діни сауаттылық деңгейі, ақпарат алу арналары және дәстүрлі рухани құндылықтарға қатынасы талданды.

Алынған нәтижелер жасөспірімдер арасында діни сауаттылықты арттыруға бағытталған жүйелі білім беру бағдарламаларын әзірлеу, дәстүрлі рухани құндылықтарды ғылыми-танымдық негізде түсіндіру, деструктивті діни идеологиялардың алдын алу және білім беру ұйымдары мен діни институттар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту қажеттігін негіздейді. Түркістан өңіріндегі жастардың діни көзқарастары көпфакторлы әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде сипатталады; оның қалыптасуына отбасы, білім беру ортасы, діни институттар, тарихи жады және цифрлық ақпарат кеңістігі қатар ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Оқан С. Исламдағы келісім – қоғам тұтастығы. – Алматы, 2021. – 193–196 бб.
- 2 Erikson E. İnsanın sekiz çağı. – 1984. – 140 s.
- 3 Гидденс Э. Трансформация интимности. – СПб., 2004. – 122 с.
- 4 Mardin S. Din ve ideoloji. – 2012. – 240 s.
- 5 Albayrak A. Ergenlerin Dini Gelişiminde Sevgi ve Korku Motifinin Etkinliği : Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. – Bursa : Uludağ Üniversitesi SBE, 1995.
- 6 Atalay T. Aile Dindarlığının Gençlerin Dindarlığına Etkisi Üzerine Bir Araştırma. – Bursa: KURAV Yayınları, 2006.
- 7 Ay M.E. Din Eğitiminde Mükafat ve Ceza. – İzmir: Nil Yayınları, 1994.
- 8 Aydın A. Gelişim ve Öğrenme Psikolojisi. – İstanbul: Alfa Basın Yayın Dağıtım, 2003.
- 9 Bahadır A. Ergenlik Döneminde Dini Şüphe ve Tereddütler // Gençlik, Din ve Değerler Psikolojisi / Ed. H. Hökekleli. – İstanbul: Dem Yayınları, 2006. – 307–368 бб.
- 10 Bayyigit M. Gençliğin Dini İnanç, İbadet ve Problemlerine Boylamsal Bir Bakış // Gençlik Dönemi ve Eğitimi II / Ed. H. Hökekleli. – İstanbul: Ensar Neşriyat, 2003.

- 11 Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 141-қ., 1-т., 13581-іс, 50–53-пп.
- 12 Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1436-қ., 1-т., 17-іс, 1-п.
- 13 Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1436-қ., 1-т., 53-іс, 13-п.
- 14 Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1436-қ., 1-т., 17-іс, 2-п.
- 15 Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1436-қ., 1-т., 39-іс, 91-п.
- 16 Бағыс Суан шежіресі. – Алматы, 1996. – 214–217 бб.
- 17 Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1436-қ., 1-т., 33-іс, 25-п.
- 18 Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1436-қ., 1-т., 39-іс, 63-п.
- 19 Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1436-қ., 1-т., 23-іс, 30-п.
- 20 Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 1436-қ., 1-т., 39-іс, 86-п.
- 21 Golan O. Introduction: Digital Youth and Religion // Religions. – 2023. – Vol. 14, № 6. – Article 704.
- 22 Novak C., Haselbacher M., Mattes A., Limacher K. Religious “Bubbles” in a Superdiverse Digital Landscape? Research with Religious Youth on Instagram // Religions. – 2022. – Vol. 13, № 3. – Article 213.
- 23 Marei F.G. God’s Influencers: How Social Media Users Shape Religion and Pious Self-Fashioning // Journal of Religion, Media and Digital Culture. – 2024. – Vol. 13, № 2. – P. 143–172.
- 24 Zabirowa A.Z., Seitakhmetova N.S., Zhandossova S.Z., Nurov M.N. Sociological study of religiosity in post-atheist Kazakhstan // Frontiers in Sociology. – 2025. – Vol. 10. – Article 1609030.
- 25 Seitakhmetova N., Zhandossova S. The Influence of Digitalization on Religious Identity: Socio-Political Context // Eurasian Research Journal. – 2025. – Vol. 7, № 1. – P. 61–71.

Transliteration

- 1 Oqan S. Islamdagı kelisim – qogam tutastygy [Consensus in Islam as the Foundation of Social Cohesion]. – Алматы, 2021. – 193–196 bb. (in Kaz)
- 2 Erikson E. İnsanın sekiz çağı [The Eight Ages of Man]. – 1984. – 140 s. (in Turk)
- 3 Giddens E. Transformatsiya intimnosti [The Transformation of Intimacy]. – SPb., 2004. – 122 s. (in Russ)
- 4 Mardin S. Din ve ideoloji [Religion and Ideology]. – 2012. – 240 s. (in Turk)
- 5 Albayrak A. Ergenlerin Dini Gelişiminde Sevgi ve Korku Motifinin Etkinliği : Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi [The Effectiveness of Love and Fear Motifs in Adolescents’ Religious Development : Unpublished Master’s Thesis]. – Bursa: Uludağ Üniversitesi SBE, 1995. (in Turk)
- 6 Atalay T. Aile Dindarlığının Gençlerin Dindarlığına Etkisi Üzerine Bir Araştırma [A Study on the Influence of Family Religiosity on Youth Religiosity]. – Bursa: KURAV Yayınları, 2006. (in Turk)
- 7 Ay M.E. Din Eğitiminde Mükafat ve Ceza [Reward and Punishment in Religious Education]. – İzmir: Nil Yayınları, 1994. (in Turk)
- 8 Aydın A. Gelişim ve Öğrenme Psikolojisi [Development and Learning Psychology]. – İstanbul: Alfa Basın Yayın Dağıtım, 2003. (in Turk)
- 9 Bahadır A. Ergenlik Döneminde Dini Şüphe

ve Tereddütler [Religious Doubts and Hesitations in Adolescence] // Gençlik, Din ve Değerler Psikolojisi / Ed. H. Hökelekli. – İstanbul: Dem Yayınları, 2006. – 307–368 bb. (in Turk)

10 Bayyigit M. Gençliğin Dini İnanc, İbadet ve Problemlerine Boylamsal Bir Bakış [A Longitudinal Perspective on Youth's Religious Beliefs, Worship, and Problems] // Gençlik Dönemi ve Eğitimi II / Ed. H. Hökelekli. – İstanbul: Ensar Neşriyat, 2003. (in Turk)

11 Turkistan oblysynyn memleketтик arkhivi [State Archive of Turkistan Region]. 1436-q., 1-t., 13581-is, 50–53-pp. (in Kaz)

12 Turkistan oblysynyn memleketтик arkhivi [State Archive of Turkistan Region]. 1436-q., 1-t., 17-is, 1-p. (in Kaz)

13 Turkistan oblysynyn memleketтик arkhivi [State Archive of Turkistan Region]. 1436-q., 1-t., 53-is, 13-p. (in Kaz)

14 Turkistan oblysynyn memleketтик arkhivi [State Archive of Turkistan Region]. 1436-q., 1-t., 17-is, 2-p. (in Kaz)

15 Turkistan oblysynyn memleketтик arkhivi [State Archive of Turkistan Region]. 1436-q., 1-t., 39-is, 91-p. (in Kaz)

16 Bagys Suan shezhiresi [Genealogy of Bagys Suan]. – Almaty, 1996. – 214–217 bb. (in Kaz)

17 Turkistan oblysynyn memleketтик arkhivi [State Archive of Turkistan Region]. 1436-q., 1-t., 33-is, 25-p. (in Kaz)

18 Turkistan oblysynyn memleketтик arkhivi [State Archive of Turkistan Region]. 1436-q., 1-t., 39-is, 63-p. (in Kaz)

19 Turkistan oblysynyn memleketтик arkhivi [State Archive of Turkistan Region]. 1436-q., 1-t., 23-is, 30-p. (in Kaz)

20 Turkistan oblysynyn memleketтик arkhivi [State Archive of Turkistan Region]. 1436-q., 1-t., 39-is, 86-p. (in Kaz)

21 Golan O. Introduction: Digital Youth and Religion // Religions. – 2023. – Vol. 14, № 6. – Article 704.

22 Novak C., Haselbacher M., Mattes A., Limacher K. Religious “Bubbles” in a Superdiverse Digital Landscape? Research with Religious Youth on Instagram // Religions. – 2022. – Vol. 13, № 3. – Article 213.

23 Marei F.G. God’s Influencers: How Social Media Users Shape Religion and Pious Self-Fashioning // Journal of Religion, Media and Digital Culture. – 2024. – Vol. 13, № 2. – P. 143–172.

24 Zabirowa A.Z., Seitakhmetova N.S., Zhandossova S.Z., Nurov M.N. Sociological study of religiosity in post-atheist Kazakhstan // Frontiers in Sociology. – 2025. – Vol. 10. – Article 1609030.

25 Seitakhmetova N., Zhandossova S. The Influence of Digitalization on Religious Identity: Socio-Political Context // Eurasian Research Journal. – 2025. – Vol. 7, № 1. – P. 61–71.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Арайлым Әбдрахманқызы Жанабаева* PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: arayka_9200@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-3276-5513
- Шамшат Амангелдіқызы Әділбаева* қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының докторы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан. email: shamshat.nmu@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8073-4044
- Темур Оралбайұлы Аманқұл* қауымдастырылған профессор (м.а), PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Алматы, Қазақстан. email: amankul_2007temur@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-3050-6209
- Арайлым Абдрахмановна Джанабаева* PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: arayka_9200@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-3276-5513
- Шамшат Амангелдиевна Адилбаева* ассоциированный профессор, доктор философских наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: shamshat.nmu@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8073-4044.
- Темур Оралбайұлы Аманқұл* доцент (исполняющий обязанности), PhD, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби. Алматы, Казахстан, email: amankul_2007temur@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-3050-6209
- Arailym Djanabayeva* PhD student, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: arayka_9200@mail.ru. ORCID ID: 0009-0001-3276-5513
- Shamshat Adilbayeva* Associate Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: shamshat.nmu@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8073-4044
- Temur Amankul* Associate Professor (Acting), PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: amankul_2007temur@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-3050-6209